

**«Жолшы»бөбекжай- бақшасы»МКҚК**

Тексерілді:

«Жолшы» бөб. бақшасы»МКҚК- ның

Әдіскері Жолманова С



**«ҚОШ БОЛ, БАЛАБАҚША!»**

**«Еркетай»ересек тобы**

Топ тәрбиешілері:Кадирова.В

Улукпанова.Б

Муз жетекшісі:Жаңабаева А

2023-2024ж.

«ҚОШ БОЛ, БАЛАБАҚША!»

•МАҚСАТЫ:

- Балалардың жыл бойы алған біліктерінің, ой-өрістерінің жемісін, өнерлерін ортаға сала отырып, балаларды үлкен өмірге қадам басуға даярлау.
- Бүлдіршіндерді адамгершілікке, достыққа, бауырмалдыққа, отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

ҚАТЫСУШЫЛАР: 28 бала

•ӨТЕТІН КҮНІ: 30.05.2024 ж

•УАҚЫТЫ: 10.00

•КЕЙІПКЕРЛЕР: Екі жүргізуші, «Балабақша» сахнасыртындағы дауыс, балабақша бітіруші түлектер, биші қыздар, әнші бала.

•ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ: жеті түсті қолшатырлар, жеті түсті шарлар, табиғат құбылыста-рының дыбысы жазылған таспа.

•БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КИІМДЕР: қазақша биге арналған костюм, кемпірқосақтың жеті түсіне сәйкес киімдер, қолшатыр

ҰЗАҚТЫҒЫ: 45 минут

БАСЫ (10 МИНУТ)

Қатысушылар: жүргізушілер, жеті түсті қолшатыр ұстаған балалар

Музыкалық номер: «Жау, жау, жау, жаңбыр» әні

Барысы: Музыкалық әуенмен ортаға қолдарына жеті түсті жабулық қолшатыр ұстаған ересек тобының түлектері шығып, орындарына тұрады. Фан-фар қосылып, сахнаға жүргізушілер шығады.

Фариза. Құрметті ата-аналар! Сіздерді «Қош бол, балабақша» атты ертеңгілігін тамашалаңыздар. Ортаға «Еркетай» тобының тәрбиешілері: Бақыт Жолдасқалиқызы мен Венера Амангелдіқызын шақырамыз.

1- жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар! Бүгінгі балабақшамыздың төрінде өтіп жатқан кішкентай түлектеріміздің құрметіне арналған «Қош бол, балабақша» атты балабақшамен қоштасу мерекесіне қош келдіңіздер!

2- жүргізуші: Біздің кішкентай ғана балапандарымыз, өздерінің алғашқы білім сапарын бастамақ. Кеше ғана бала болып ойнап жүрген балақайларымыз, қолдарына қалам ұстап, оқушы болуға әзір.

1-жүргізуші://МУЗЫКАЛЫҚ ӘУЕН ҚОСЫЛАДЫ// ЖҮРГІЗУШІЛЕР САХНА СЫРТЫНА КЕТЕДІ// КҮННІҢ КҮРКІРЕГЕН ДАУЫСЫ, АРТЫНША ЖАҢБЫРДЫҢ ЖАУҒАН ДЫБЫСЫ ЕСТІЛЕДІ// БАЛАЛАР ЖЕТІ ТҮСТІ (ҚЫЗЫЛ, ҚЫЗҒЫЛТ САРЫ,

САРЫ, ЖАСЫЛ, КӨГІЛДІР, КӨК, КҮЛГІН) ҚОЛШАТЫРЛАРЫН АШЫП, ОРТАДА ҮЛКЕН ШЕҢБЕР ЖАСАЙДЫ// «ЖАУ,ЖАУ, ЖАҢБЫР» ӘНІ ҚОСЫЛАДЫ // ТҮЛЕКТЕР ҮЛКЕН ШЕҢБЕРМЕН АЙНАЛЫП ЖҮРЕДІ// ЖАРТЫЛАЙ ШЕҢБЕР ЖАСАП ТҰРАДЫ, ҚОЛШАТЫРЛАРЫН АЛДАРЫНА ҰСТАП АЙНАЛДЫРАДЫ// ҚОЛШАТЫРЛАРДЫҢ ЖЕТІ ТҮСІ БОЙЫНША БАЛАЛАР КЕЗЕК-КЕЗЕК АЛДЫҒЫ ШЫҒАДЫ. БІРІНШІ ҚЫЗЫЛ ҚОЛШАТЫР ҰСТАҒАН БАЛАЛАР АЛҒА ШЫҒЫП ОҢҒА БІР, СОЛҒА БІР ТЕҢСЕЛІП, ӨЗ АЙНАЛАСЫНДА БІР АЙНАЛЫП, ОРЫНДАРЫНА ОРАЛАДЫ// ӘН ЫРҒАҒЫНА ІЛЕСІП, ӨЗГЕ ТҮСТІ ҚОЛШАТЫР ҰСТАҒАН БАЛАЛАР ҚИМЫЛДАРДЫ КЕЗЕКПЕН ҚАЙТАЛАЙДЫ// СОҢЫНДА БАРЛЫҒЫ ТАҒЫ ҮЛКЕН ШЕҢБЕРМЕН АЙНАЛА ЖҮРЕДІ// МУЗЫКА АЯҚТАЛЫП, БАЛАЛАР ОРЫНДАРЫНА ТҰРАДЫ//

Ортасы (20 минут):

Қатысушылар: жүргізушілер, қолшатыр ұстаған үш бүлдіршін, «Балабақша» дауысы

Музыкалық номер: «Біз мектепке барамыз» әні, «Киіз басу» биі, «Рахмет деп айтамыз тәрбиеші апайға» әні.

Барысы: Жаңбырдың себелеген дауысы естіледі. Ортаға қолшатырын ұстаған үш бүлдіршін шығады.

- 1- бүлдіршін: **Фариза**  
Төрт жыл тәлім-тәрбие алып, өміріміз шат күлкіге толып, көптеген мерекелерді өткерген балабақшамызбен қоштасатын сәт те келіп жетті.
- 2- бүлдіршін: **Қуантқан**  
Осындай мерекелі кеште күн райының бұзылып, күннің көзі бұлттанып тұрғаны-ай!
- 3- бүлдіршін: **Айша**

Иә, жаңбыр да тоқтаусыз жауып тұр. Мүмкін, ол балабақшамыздың бізді қимай жылағаны шығар.

//СЫРТТАН «БАЛАБАҚШАНЫҢ» ДАУЫСЫ ЕСТІЛЕДІ// БАЛАЛАР ТӨБЕГЕ ҚАРАП ДАУЫСҚА ҚҰЛАҚ САЛАДЫ//

Балабақша: Сәлеметсіңдерме балалар! Иә, бұл жаңбыр емес, қимастықтың көз жасы. Сәби болып келіп, төрт жыл бауырыма басқан бүлдіршіндеріммен қоштасқым келмейді.

1-бүлдіршін: **Медина**

Мәссаған, егер балабақшамыздың көңілін көтермесек, ол үнемі осылай жылап қалама?

2- бүлдіршін: **Айбат**

Балабақшаға алғысымызды айтып, өнерімізді көрсетіп, қуантайық.

3-бүлдіршін: **Адалин**

Қане, достар, бірнеше жыл мәпелеп, күтіп тәрбиелеген бала-бақшамызда үйренген өнерімізді паш етейік.

1-жүргізуші:  
Көтеріп келіп қолымен

Жетектеп үйге қайтатын.

Сәби еді былдырлап,

Сағынышын айтатын.

Тілі таза бүгінде,

Жүгірмейді аптығып,

Жүректері тұр ма әлде,

Қоштасатын шақты ұғып.

2- жүргізуші: Мектеп ана шақырады бізді алдан,

Алдымыздаәліталай сан арман.

Қоштассақ та балабақшам сенімен,

Санамызда өзің берген өнеген, - дей келе «Еркетай» ересек тобы бүлдіршіндерінің балабақшамен қоштасқалы тұрған лебіздерін тыңдалық.

1- бүлдіршін:**Нұрханым**  
Балабақшаесігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандайөсіріп,

Мәпеледібақшамыз.

2- бүлдіршін:**Фарида**  
Бұл - екіншіүйіміз,

Біртуғанбызбәріміз,

Біз - осы үйдің гүліміз,

Біз - осы үйдің нұрымыз.

3- бүлдіршін:**Бақтияр**  
Тәрбиеші мен күтуші

Анамыздайбіздерге.

Тек жақсылықтілейміз,

Рақмет айтып сіздерге

4-бүлдіршін: **Кәусар**

Қош, балалар, сәт сапар!

Үлгілібәріңболыңдар.

Жақсы оқып әрқашан,

Тек «5» - тікті алыңдар.

5- бүлдіршін: **Меруерт**

Көңілді өскен баламыз,

Шырқатыпәнгесаламыз,

Тойымызғасәнберер,

Би дебилейаламыз.

6- бүлдіршін: **Даулетхан**

Үлкен сенім жүктеп алып,

Мектепке кетіп барамыз.

Тәрбиешім, өзіңмен,

Қоштасу әнін саламыз.

7- бүлдіршін: **Аңсар Балабақшам-бесігім,**

Тағы бір той жасайық.

Ашты мектеп есігін,

Өзіңмен қоштасайық

8- : Аяулым Үлкендердей тап-таза,

Бормен жазар тақтаға.

Үлгілі бала боламын,

Жүретіндей мақтана.

**/ТАҚПАҚ АЙТҚАН БАЛАЛАР ОРЫНДАРЫНА ТҰРАДЫ//МУЗЫКА ҚОСЫЛАДЫ  
БАЛАЛАР ХОРМЕН**

**«Біз мектепке барамыз» ӘНІН ОРЫНДАЙДЫ//**

1- жүргізуші: Балабақшаға сәби болып келген балақайларымыз осында алғашқы достарымен танысты, қоршаған орта туралы алғашқы білімдерін қалыптастырып, көптеген дағдыларды үйренді.

2- жүргізуші: Балабақша қабырғасында дүниенің қыр-сырын біліп, жаңалықты, қоршаған ортаның таңғажайыптарын үйренген біздің бүлдіршіндеріміз ең тәрбиелі, ең ақылды екендігіне еш күмәніміз жоқ.

1- жүргізуші: Балабақшамен қоштасқалы отырған түлектеріміз өлең оқып, ән салып, өздерінің тек білімді емес, сондай-ақ өнерлі екендерін көрсетіп жатыр.

2- жүргізуші: Қуаныштан шаттанып

Той тойлайық алақай.

Көңілденіп шаттанып,

Би билейік балақай!

Балаларымыздың орындауында тамаша биді тарту етеміз. Қабыл алыңыздар.

// «Еркетай» ТОБЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАУЫНДА « ЯГОДА МАЛИНКА»

1- жүргізуші: Адам баласының есінде ерекше сақталып, үлкен өмірге дайындайтын алғашқы білім мекені – балабақша. Кеше ғана тұлымдары желбіреп, жүректері лүпілдеп балабақша табалдырығын қуана аттаған ұл-қыздарымыз ойлары толып, бойлары өсіп, балабақшамен қоштасқалы отыр.

Мен үшін бәрің бірдей қарақтарым,

Орындалсын арман тілек талаптарың.

Ақ парақтай келдіңдер сәби болып,

Ұғындым, әрбірінді парақтадым.

БАЛАБАҚШАМ АЯУЛЫМ» ӘНІ. ОРЫНДАЙТЫН: ФАРИДА ,ФАРИЗА

2- жүргізуші: Қуан, балабақша, ұл-қыздарымыз оларға берген бақытты және мейірімді сәттерді әрқашан есте сақтайды. Бүлдіршіндеріміз өсіп, күшейіп, енді мектепке дайын болды. Ал, бізге келер жылы қамқорлық пен махаббатымызды сыйлайтын тағы сәбилер келеді.

Өткіздік талай күнді, талай айды,

Уақыт сырғып артқа қарамайды.

4 жыл бойы сендермен бірге болдым,

Өткіздік талай қызық, талай жайды.

Ірге тасын қаладым, білім бердім,

Саналы ұл-қыздарым бүгін менің.

Ортада тұрған осы түлектердің,

Көрейік тамашалап өнерлерін.

«БҰЛТТАР»БИИ ОРЫНДАЙТЫН ҰЛДАР

«АЯУЛЫ АНАШЫМ» КӘУСАР ,АЯУЛЫМ

АТА АНАМЕН ОЙЫН.

БИ: «КУКЛА БАРБИ»

1- бүлдіршін: ҚуантқанӨсті ой мен бойымыз,

Жеті жасқа толамыз.

Қуантып ата-ананы,

Мектепке кетіп барамыз!

2- бүлдіршін:АбдурахимҚуанышымыз біздің мол,

Мектепке біз тарттық жол.

Ұмытпаймыз өзіңді,

Балабақшам, қош сау бол.

3-бүлдіршін Айбын

Оқимыз білім аламыз,

Болашақ жолын саламыз.

Бақшаменен қоштасып,

Біз мектепке барамыз

4-бүлдіршін:**Медина**Ана тілін ардақтап,

Ата салтын біз көрдік.

Сурет салып,ән жаттап

Оқып жазып үйрендік.

5-бүлдіршін:**Адалин**Сүйген өз қыз,өз ұлын,

Бөбегім деп аянбай.

Балабақшам өз үйім,

Апай болды анамдай

6-бүлдіршін: **Айша** Ойыншықты жинаймыз,

Бөбектерге сыйлаймыз.

Оқу білім үйреткен,

Өзіңізді қимаймыз.

7-бүлдіршін: **Фариза** Бұл қуаныш себебін

Бізге қарап ұғарсың.

Ер жетті деп бөбегің,

Туған Отан қуансын.

//ӘН: « РАХМЕТ ДЕП АЙТАМЫЗ ТӘРБИЕШІ АПАЙҒА»//

ТӘРБИЕШІЛЕРДЕН СКЕТЧ

«БІЗ БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ» МЕДИНА, АДАЛИН

« КИІЗ БАСУ»БИИ

«БАЛА БАҚШАМ» ӘН ОРЫНДАЙТЫН НҰРХАНЫМ

«МЕНИҢ ӘЖЕМ ОСЫНДАЙ» ӘН.ОРЫНДАЙТЫН: МУЗ.ЖЕТЕКШІСІ АҚҚУ  
ЖАҒАБАЕВА МЕН АЙША

«ҰСТАЗ»ОРЫНДАЙТЫН МЕДИНА .ВАЛЬС БИ

СОҢЫ (15 МИНУТ):

Барысы: Түлектерсахнасыртынакетеді. Жетітүсті (қызыл, қызғылтсары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін) киімдерінкиеді. «Балабақшаның» дауысыестіледі.

Балабақша: Талай-талайбаспалдақтыатттарсындар, Ата-ананыңүмітіндеақтарсындар.

Мененалғанбілім мен тәрбиені, Өмірбойыестеріңдесақтарсындар.

Балаларым, жүректеріңлүпілдепмектепкеқадамбасқалытұрсындар. Бойларыңдағы бар өнерлеріңдіаямайбарыншатырысыпкөрсеттіңдер. Осындайөнерлі,ақылдыұл-қыздарымменмақтанамын. Сендергеақжолтілеймін. Сапарларыңоңболсынбүлдіршіндер!

//ҚҰСТАРДЫҢ ӘН САЛЫП, КҮН РАЙЫНЫҢ АШЫЛҒАНЫНЫҢ БЕЛГІСІ  
БОЛАТЫНДАЙ ДЫБЫС ҚОСЫЛАДЫ//

(HTTPS://WWW.YOUTUBE.COM/WATCH?v=SR0PGXGUQMS) САХНА СЫРТЫНАН  
«БАЛАБАҚШАНЫҢ» ТІЛЕГІ АЙТЫЛАДЫ// БАЛАЛАР МӘТІН МАЗМҰНЫНА  
СӘЙКЕС КИГЕН КИІМДЕРІНІҢ ТҮСІМЕН ШАР ҰСТАП КЕЗЕКПЕН ШЫҒА  
БАСТАЙДЫ// САХНАДА ЖЕТІ ТҮСТІҢ РЕТІ БОЙЫНША КЕМПІРҚОСАҚ ҚҰРЫП  
ОРНАЛАСАДЫ//

Балабақша: Сендергетілерім, құшақтарыңнеміқызылгүлге толы болсын, алғадегенталпыныстарыңқызылжалындайболсын, жолдарыңқызылкілемтөселіп, мектепте тек қызылбестікалыңдар (қызылтүстікіімкигентүлектершығады).

Көңілдеріңәрқашанқызғылтсарытүстейжарқын, ашық, көңілдіболсын.  
Бақыттыбалалықтілеймін, балапандарым! (қызғылтсарытүстікіімкигентүлектершығады).

Әркүндеріңжарқырап, даналыққа толы болсын. Шұғылалыкүндеріңтыныштық пен байлықсыйласын (сарытүстікіімкигентүлектершығады).

Өмірлеріңжасылтабиғаттайсұлуболып, жайнайберіндер. Денсаулығымықты ер азаматболыпөсіңдер (жасылтүстікіімкигентүлектершығады)!

Аспандарыңашықболсын. Тыныш, бейбітелдіңұланыболыңдар. Бірлік пен берекетілеймін (көгілдіртүстікіімкигентүлектершығады)!

Білімдегентеңізде мектепаттыкемеменештолқынсыз, дауылсызжүзіпөтіңдер (көктүстікіімкигентүлектершығады)!

Күлгінтүстейәдеміармандарыңажетіп, биік-биікбелестердібағындыраберіндер (күлгінтүстікіімкигентүлектершығады)!

Өміржолдарыңкемпірқосақтайтүрлі-түстіболып, онда тек қанажарқынтүстерболсын, бүлдіршіндер!

Балабақшаесігінашыпсендер,

Тымкішкентай бала бопкелгенсіңдер.

Бұл бақшадан үйреніп көп дүние,

Міне бүгін оны да бітірдіңдер.

Бақшадан соң мектепке барасыңдар,

Оқу оқып, шамнан шырақ жағасыңдар.

Зейіндерің ашылсын балапандар,

Бар бақытты оқудан табасыңдар.

Алла жар боп балапан сен аман бол,

Көп боп күндер ғажайып шаттығы мол.

Жаңа өмірде қадамдарың құтты болып,

Балдырғандар әрқашан бақытты бол!

//ЖЕТІ ТҮСТІҢ РЕТІ БОЙЫНША КЕМПІРҚОСАҚ ҚҰРЫП ОРНАЛАСҚАН БАЛАЛАР ШАРЛАРЫН ҰШЫРЫП, ШАПАЛАҚ СОҒАДЫ// «БІЗ МЕКТЕПKE БАРАМЫЗ» ӘНІН ХОРМЕН ОРЫНДАЙДЫ//

([HTTPS://WWW.YOUTUBE.COM/WATCH?V=SCUOFM2PBO8](https://www.youtube.com/watch?v=SCUOFM2PBO8))

- 1- жүргізуші: Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді.  
Сәбилерім жүздерінде нұр тұнды.  
Бізден ұшып, қанат қағып есейдіңдер,  
Өздеріңмен қоштасатын күнтуды.
- 2- жүргізуші: Бізден ұшыпталмай қанат қағындар,  
Жүректерден арман отын жағындар.  
Жақсы оқып алтын ұя мектепте,

Бұл өмірден бақыт жолын табындар.

- 1- жүргізуші: Бәріңді де сәби деп сүйетін,

Өздеріңді біз сағынып жүрейік.

Құтты болсын қадамдарың аттаған,

Біз сендерге сәтті сапар тілейік.

#### ТӘРБИЕШІЛЕР ӘНІ

- 2- жүргізуші: Осымен «Еркетай» ересек тобының балабақшамен қоштасу ертеңгілігі аяқталды. Бүлдіршіндерімізге сәт сапар тілей отырып, арнайы дипломдармен марапаттауға рұқсат етіңіздер!

//САЛТАНАТТЫ МУЗЫКА ҚОСЫЛАДЫ //БАЛАБАҚША БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕР  
ДИПЛОМДАР- МЕН МАРАПАТТАЛАДЫ// БАРЛЫҒЫ БІРГЕ ЕСТЕЛІК СУРЕТКЕ  
ТҮСЕДІ//



